

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Байғанин ауданының білім бөлімі
«Білікті» балалық-бағалықпасасы
МҚКҚ



Төрағатының орынбасарына қатына
протоколине «Білім-жетекші» аяқ. «Білікті»
«Білікті» балалық-бағалықпасасы-рәйісіне
Уағдаласқан қалтабағының білетіне

030318, Білікті ауданы, Бабекті
аысы, 178, тел: 877547 26-4-45

Бұйрық

№ 48

А. Жашыбаева 2022 жыл
Балабақшаны бағалау
өлшемшарттарын өткізу туралы.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпанындағы №804 Бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Білім және ғылым саласында сапаны көтермасы: ету комитеті тарапынан 2021 жылғы 01 қаңтардағы №706 бұйрығы негізінде БҰҒЫР АМББН:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ «Білікті» балалық-бағалықпасасы МҚКҚ 2022 жылдың 01.01.2022-07.01.2022ж аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жаппы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында бағалау өлшемшарттарын өткізілсін.
2. Балабақшаны бағалау өлшемшарттарын өткізуіне байланысты кешенді –мақсатты жоспар әзірленсін.
3. Балабақшада бағалау өлшемшарттарын өткізу жөнінде төмендегі құрамда сараптау комиссиясы құрылсын:
Жашыбаева Жансұлуе Тасболатовна –балабақша меңгерушісі, комиссия төрағасы;
Жетпісбаева Мейрамгул - әдіскер комиссия мүшесі;
Сарқұлова Нұрайым Молжігітқызы-тәрбиеші комиссия мүшесі;
Долмұбетова Айнагул Жаксығалиевна –музыка жетекшісі, комиссия мүшесі;
Құлымбетова Шынар Қойтыбайқызы –тәрбиеші, комиссия мүшесі.
4. Балабақшаны бағалау өлшемшарттарының қорытындысы 2022 жылдың 05 желтоқсанына дейін балабақша сайтына жариялансын.
5. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындатуын бақылауды өзіме қалдырамын.



Білікті балалық-бағалықпасасы
меңгерушісі:

Ж. Жашыбаева

Ж. Т. Жашыбаева

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
«Ебейті» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынның өзін-өзі аттестаттау қорытындысы.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ «Ебейті» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның «Ебейті» бөбекжай – балабақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау өткізді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

1. Мекеменің толық атауы : «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ «Ебейті» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

2. Білім беру ұйымының орналасқан жері / заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы/ 030308 Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы , Байғанин ауданы .Қопа ауылдық округі, Ебейті ауылы , Еңбекші көшесі, 1 үй

3. Заңды тұлғаның байланыс деректері

/телефон, электронды пошта zhansaule1976@mail.ru

веб сайт/87134726405,инстаграмм :

4. заңды тұлға өкілінің байланыс деректері .

Жашибаева Жансауле Тасболатовна . Бұйрық №3 01.02.2012жылы Байғанин аудандық білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5. Құқық белгілейтін және құрылтайшылық :

«Ебейті» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып 2008 жылы 14 наурызда № 67.Байғанин аудандық әкімдігінің қаулысымен құрылған.

Заңды тұлғаны тіркеу анықтамасы БСН 080340019680 берілген уақыты берілген уақыты 12.01.2021жыл. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні : 26.03.2008 ж

Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

6.Рұқсат беру құжаттары:

Білім беру қызметіне лизензия және оған 8 қосымша /немесе/ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон/ №KZ40RVK00032553. 16.02.2021ж. Лицензия берілген мерзімі : 19.03.2009. серия АБ№0029848

Білім мекемесінің негізгі құжатының бірі –Жарғы. «Білім туралы» заңның 41бабын және ҚР Үкіметінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы негізінде дайындалған. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020жылғы 23 желтоқсан №469 қаулысымен бекітілген , тіркеу №5-1904-05НАО МҚ БИН 080340019680. Жарғы 22 беттен тұрады. Нөмірленіп ,тігілген

7.Тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актілер жазылатын кітапта

30.01.2013ж№ 041 болып жазылды. Жер учаскесінің кадастрылық нөмірі : 02-023-005-264.жалпы алаңы 230,1. Жер учаскесінің алаңы 0,1681га.

Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты қатты отынмен жылытылады, салқын сумен қамтамасыз етілген.2014 жылдың 07.10 айында мемлекеттік лицензия алынған.2009 жылдың 10 ақпанында №10 санитарлық –эпидемиологиялық ұйғарым алынған. Берілген қорытынды : мектепке дейінгі ұйымның санитарлық ережелері мен гигиеналық нормативтерге сай. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар.Санитарлық –эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен

тексерілген актілері бар. мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар оқылады. Балалар мен қызметкерлер арақатталуы тіркелмеген. Мекемедегі өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары таланқа сай жүргізілген.

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс әрекетінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына /бұдан әрі МДТО/ сәйкестігі.

31.10.2018ж №604 бұйрығы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің /толықтыру және өзгерістерімен/ 2020ж 5 мамырдағы №182 бұйрығы, №557 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің /толықтыру және өзгерістерімен/ 2020жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы және ҚР Білім және ғылым министрінің 2020ж 13 тамыздағы №345 бұйрығының 1 қосымшасы, ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгерістер енгізу, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын

3.08.2022ж №348 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Әділет министрлігінде 2022жылдың 05 тамыз №29031 болып тіркелген стандарт және қазір Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік Нұсқау хатын негізге ала отырып; Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасайды.

2/ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына /бұдан әрі МДТО үлгілік оқу бағдарламасы/ сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде: Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес «Ебейті» бөбекжай-балабақшасында оқу тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативтік басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат таңертең 8.00 ден кешкі 18.30-ға дейін. Балабақша сыйымдылығы 30 орын, 1 топ. Қазіргі таңда 25 бала тәрбиеленуде. 1-5 жас аралығында балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. «Ебейті» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспары оқу жылының басында талданып, педагогикалық кеңесте бекітілген.

Оқу тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес кеңестер, семинарлар, практикумдар, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлауденгейі негізінде жүзеге асады.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік кеңістік дамытушы орта құру (жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, Әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау)

Топтағы заттық дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген қажетті

көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Ата-аналарға арналған ақпарат бұрышы, жылжымалы папкалар, дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Шаштараз» «Дәріхана», «Дүкен» ойындары, «Ұлттық бұрыш», «Кітап бұрышы», «Денсаулық бұрышы» «Табиғат бұрышы» сюжеттік ролдік ойындардың құрал-жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсіріледі, топта ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында үстел үсті және түрлі құрастырмалы дамытушы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларынан атрибуттары жинақталған. Балабақшада кеңістік пәндік ортаны дайындау барысында «Бала мен балабақша», «Ата-ана сіздер үшін» «денсаулық бұрышы», «Кәсіподақ бұрышы» орнатылған. Балабақшада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның ауласының, топ бөлмелерінің, ойын, асхана, кіре беріс есік алды толық бейне бақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты жеке тұлғаны дамытуда мына бағыттар бойынша

- физикалық дамыту

- коммуникативтік дағдыларды дамыту

- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;

- әлеуметтік – эмоционалды дағдыларды кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

Креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру /К модель/ бойынша балабақша педагогтері мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша академиялық 235 сағат көлемінде оқу курсының төмендегі педагогтар

«Педагогикалық шеберлік орталығының» Ақтөбе филиалынан аяқтады.

Сарқұлова Гүлайым Молжігітқызы.

Жетписбаева Мейрамгүл

Балабақшаның

4. МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке

дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

Қазіргі уақытта «Ебейті» бөбекжай-балабақшасында барлығы 7 педагог кадр жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен жасалып, аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Балабақшада кадрлар тұрақты, менгеруші, әдіскер, музыка жетекшісі, 4 тәрбиеші жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылында 7 педагог жұмыс жасайды. Оның ішінде жоғары білімді - 5 педагог.

Арнаулы орта - 2

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандығы бойынша - 6

Бірінші санат - 1

Педагог – зерттеуші - 1

Санаты жоқ - 5

Біліктілік курсынан өткен педагогтар - 6

Жанартылған бағдарлама - 2

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады; бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік

әдебиеттерді оқу, аудандық семинарларға қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөлісу және аудандық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтарын баспадан шығару, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын, баяндамаларын, кеңестерін және ҰІӨ –ін жариялау.

Педагог қызметкерлер балабақша ішілік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық, републикалық марапаттарға ие.

2022-2023 оқу жылында Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің «Құрмет грамотасы» әдіскер – Жетписбаева Мейрамгүл марапатталды.

«Мың бала» Республикалық сайтының редакторы Ж.Тәжекеевадан – әдіскер М.Жетписбаева «Алғыс хат»

Байғанин аудандық білім бөлімінен «Алғыс хат» әдіскер Жетписбаева «Білген» ұлттық авторлық методика және бағалау орталығынан «Құрмет грамотасы» әдіскер – М.Жетписбаеваға.

«Ұстаз жолы» ғылыми әдістемелік орталығынан «Алғыс хат» Жетписбаева М 2022ж

«Ұстаз жолы» ғылыми әдістемелік орталығынан Диплом – Жетписбаева М 2022ж

Тәрбиеші Кемелханқызы Жанарға облыстық олимпиада нәтижесі бойынша Диплом 2 дәрежелі. Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығынан «Алғыс хат». 2022ж

«Үздік тәрбиеші-2022» республикалық байқауына белсене қатысып, ұсынған жұмыстары үздік деп танылғаны үшін «Үздік тәрбиеші» номинациясымен Сарқұлова Гүлайым Молжігітқызы Дипломмен марапатталды. 2022ж

«Ұстаз жолы» ғылыми әдістемелік орталығынан Сарқұлова Г Алғыс хат марапатталды. 2022ж

Байғанин ауданының білім бөлімінен Сарқұлова Г «Алғыс хат» 2022ж

Тәрбиеші Құлынбетова Шынар Қойшыбайқызына облыстық олимпиада нәтижесі бойынша Диплом 2 дәрежелі. Ақтөбе облыстық ғылыми – тәжірибелік орталығынан «Алғыс хат». 2022ж

Байқаулар:

Балабақша тәрбиеленушілері де аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық конкурстарда, зияткерлік, танымдық байқауларда көптеген жетістіктерге жетіп, жүлделі орындарға ие боп келеді.

«Ұстаз жолы» ғылыми әдістемелік орталығы «Алтын күз» атты республикалық онлайн «Фотосурет» номинациясы бойынша 1 дәрежелі Дипломмен тәрбиеленушілер Тәжіғали Хүсни, Мұстакин Шұғыла, Жақсылық Әзиза марапатталды.

«Қолөнер» номинациясы бойынша 1 дәрежелі жүлдегер Болатбай Қобылан Дипломмен марапатталды.

«Бейнелеу өнері» номинациясы бойынша Ауданбай Мирас, Мұстакин Шұғыла, Орынов Айтқазы, Шағырбай Мейіран, Тынышбаева Айзере, Сағынбек Айзере, Тәжіғали Хүсни, Дүйсенбаева Шұғыла, Жанболатқызы Көзайым Дипломмен марапатталды.

«Ұлы жеңістің қаһармандары» атты республикалық онлайн байқауының «Мәнерлеп оқу» номинациясы бойынша 1- орын алған тәрбиеленуші Шағырбай Мейіран Азаматұлы Дипломмен марапатталды

5. Қол жетімді білім беру үшін жағдай жасау

Балабақша әдістемелік бөлме жиһазбен, әдістемелік әдебиеттер және балалар әдебиеттерімен, картотека жинақтарымен жабдықталған. Әдістемелік кабинетте тәрбиешілердің іс-тәжірибесі толық жинақталған. Балабақшада әдістемелік жұмыс педагогикалық ұжымның жұмысын білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік кеңес жоспар бойынша өткізіліп, тәрбиешілерге көмектер беріліп, семинарлар, кеңестер өткізіліп тұрады. Әдістемелік кеңестер өткізіліп, хаттамалары жазылып дәптер рөмірленіп, тігілген. Оқу тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

